

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998-2000 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар жоспарының кейбір мәселелері туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 18 маусым N 558. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.08.06. N 1108 қаулысымен. ~P991108

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Кәсіпорындарды қаржы-экономикалық сауықтыру, дәрменсіз кәсіпорындардың банкроттығын, оларды таратудың алдын алу жөніндегі қызметті жандандыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 сәуірдегі N 394 P980394_ қаулысының 7-тармағының күші жойылған деп танылсын.

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998-2000 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 ақпандағы N 119 P980119_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998-2000 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар жоспарының реттік нөмірі 3.1.2.13-жолы қайта күшіне енгізілсін.

2. "Жекелеген жекешелендірілген кәсіпорындардың берешектерін реттеу жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 сәуірдегі N 393 P980393_ қаулысының 4-тармағының күші жойылған деп т а н ы л с ы н .

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі